

«КЕЛІСЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық казак-түрік
университетінің I Вице-президенті

Ж.Томар

« 1 » 05 2019ж.

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық казак-түрік
университетінің президенті

Б.Абдрасилов

« 05 » 05 2019ж.



САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-033-2019

**УНИВЕРСИТЕТ БАСҚАРУШЫ ЖӘНЕ ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫ ҚҰРАМЫ МЕН
ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

АЛҒЫ СӨЗ

1. Құжаттама және персоналды басқару бөлімімен
ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер – Құжаттама және персоналды басқару бөлімі
3. Келісілді – Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент
Ө.Үмбетов
Әлеуметтік қолдау және тәрбие істері жөніндегі вице-президент А.Абуов
– Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице-президент Ш.Есимова
– Ғылыми зерттеу істері жөніндегі вице-президент К.Беркимбаев
– Даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президент Пусат Пилтен
– Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директор Т.Ниязов
– Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев
– Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы А.Абсеметов
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2019
5. Тексеру мерзімі – 2021

Түркістан 2019

Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ менеджменті басқармасы ЕГЕСІ ТЕКСЕРУ: 19.01.2024 ж.	Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ менеджменті басқармасы ТЕКСЕРІЛДІ: 15.02.2022 ж.	Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ менеджменті басқармасы ЕГЕСІ ТЕКСЕРУ: 15.02.2024 ж.
---	--	---

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
Казак-Түрік университеті
менеджментінің жүйесі
БАСҚАЛУ ДАНАСЫ
№ 1182
4.05.2020 ж.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-033-2019</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Университет басқарушы және профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлердің біліктілігін арттыру туралы ереже		10-беттің 2-беті

Мазмұны

1. Жалпы ережелер	3
2. Нормативті сілтемелер.....	3
3. Терминдер мен анықтамалар	4
4. Жауапкершілік және өкілеттіліктер.....	4
5. Біліктілікті арттырудың мақсаттары.....	4
6. Біліктілікті арттыру міндеттері.....	5
7. Біліктілікті арттыру қағидаттары.....	5
8. Біліктілікті арттыру түрлері.....	5
9. Біліктілікті арттыруды жоспарлау.....	6
10. Біліктілікті арттыруды ұйымдастыру тәртібі.....	6
11. Университет басзасында біліктілікті арттырудан өту.....	7
12. Есептілік.....	7
13. Университет басшылары мен қызметкерлерінің жауапкершілігі ..	8
14. Өзгерістерді енгізу тәртібі.....	8
15. Келісу, сақтау және тарату.....	8
16. Қосымша А Танысу парағы.....	9
17. Қосымша Б Өзгерістерді тіркеу парағы	10

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-033-2019</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Университет басқарушы және профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлердің біліктілігін арттыру туралы ереже		10-беттің 3-беті

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Университет басқарушы және профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлердің біліктілігін арттыру туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің (бұдан әрі – Университет) басқарушы және профессорлар-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлердің (бұдан әрі–ПОҚ) біліктілігін арттыруды ұйымдастыру үшін әзірленген.

Ереже келесі Университет миссиясына негізделген: Түркі тілдес мемлекеттер мен қауымдастық жастарына бір шаңырақ астында сапалы білім беру және инновациялық оқыту мен ғылыми зерттеулерде көшбасшы болу.

1.2. Осы Ереженің талаптары міндетті болып табылады.

1.3. Ереже Университет қызметкерлерінің біліктілігін арттыру үдерісін жоспарлау, жүзеге асыру және бақылау тәртібін белгілейді.

1.4. Университет қызметкерлерінің теориялық және практикалық білімін мамандарды даярлау деңгейіне деген әрдайым артылатын талаптарға сай жаңарту біліктілікті арттыруды ұйымдастыру мақсаты болып табылады.

Кадрлық әлеуетті дамытудың негізгі бағыттары:

- Университетті басқару жүйесін жетілдіру;
- Университеттің басқарушы және профессорлар-оқытушы құрамының және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін арттыру (оқыту, машықтану, кәсіби қайта даярлау);

- басқаруға, оқу үдерісіне және ғылыми-зерттеу жұмысына заманауи әдістер мен ақпараттық технологияларды ендіру.

1.5. Көрсетілген бағыттар аясында келесідей міндеттер нақтыланған:

- қызметкерлердің біліктілігін арттыру бағдарламасын жүзеге асыру;
- педагогикалық қызметкерлердің академиялық ұтқырлық деңгейін арттыру;
- заманауи ақпараттық және білім беру технологиялары саласында қызметкерлердің біліктілігін арттыру;

- қызметкерлердің, оның ішінде басшылардың заманауи менеджмент технологияларын меңгеруі;

- қызметкерлердің үздіксіз кәсіби өсуін қамтамасыз ететін жүйені құру, кадрлық резервті қалыптастыру;

- кадрларды іріктеу және даярлау жүйесінде конкурстық бастамаларды күшейтуге жағдай жасау;

- оқытушы мен ғалымның жаңа имиджі мен образын қалыптастыру үшін жағдай жасау;

- электронды оқытуды, қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы жүзеге асатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу барысында интерактивті оқыту формаларының заманауи әдістерін ендіру;

- университет жұмысына жоғары білікті мамандарды, оның ішінде шетелден тарту.

1.6. Оқу әдістемелік секторы (бұдан әрі - ОӘС) профессорлар-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлердің біліктілігін арттыруды үйлестіреді және жалпы бақылау жүргізеді.

1.7. Персоналды басқару және құжат айналымын қамтамасыз ету басқармасы (бұдан әрі – ПББ) басқарушы құрам біліктілігін арттыруды үйлестіреді және жалпы бақылау жүргізеді.

2. Нормативті сілтемелер

Осы Ереже келесідей нормативті құқықтық актілерге және Университеттің құжаттарына сәйкес әзірленген:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексі;

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-033-2019</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Университет басқарушы және профессор-құрамы мен ғылыми жұмыскерлердің біліктілігін арттыру туралы ереже		10-беттің 4-беті

- Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы «Ғылым туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі ұйым қызметінің типтік ережелері;
- Университет Жарғысы;
- Университеттің кадр саясаты;
- Университеттің басқарушы және профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің біліктілік сипаттамалары туралы ереже.

3. Терминдер мен анықтамалар

Осы Ережеде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады. Осы Ережеде келесідей терминдер мен олардың анықтамалары қосымша белгіленген:

- *басқарушы құрам* – басқарушы функцияларды жүзеге асыратын қызметкерлер (президент, вице-президенттер, институт/департамент директорлары, декандар, құрылымдық бөлімдердің басшылары);

- *профессорлар-оқытушы құрамы* (бұдан әрі - ПОҚ) – білім алушыларды, сондай-ақ профессорларды, доценттерді, аға оқытушыларды, оқытушыларды қосқанда оқыту, білім беру қызметін ұйымдастыру бойынша педагогтың кәсіби қызметін жүзеге асыратын кафедра меңгерушілері, педагогикалық қызметкерлер;

- *ғылыми қызметкерлер* – Университеттің ғылыми институттарыда жұмыс істейтін, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесін алатын және жүзеге асыратын қызметкерлер;

- *біліктілікті арттыру* – біліктілік деңгейіне талаптардың артуына және кәсіби міндеттерді шешудің инновациялық әдістерін меңгеру, атап айтқанда семинарларға, тренингтерге қатысу, мамандандырылған курстар өту қажеттілігіне байланысты өз мамандығы бойынша теориялық және практикалық білімді жаңартудан тұратын қосымша кәсіби білім түрі;

- *машықтану* - қосымша кәсіби білім түрі немесе оның құрамдас бөлігі, оның негізгі мақсаты практикада алынған теориялық кәсіби білімді, біліктілік пен дағдыларды Қазақстанның, сондай-ақ одан тыс елдердің озық университеттерінде, ғылыми, ғылыми-зерттеу ұйымдарында, бірлестіктерде, кәсіпорындарда, компанияларда қалыптастыру және нығайту болып табылады.

4. Жауапкершілік пен өкілеттіліктер

Осы Ережені бекітуді университет президентінің құзырына, ал әзірлеу, келісу, ұсыну бойынша жауапкершілік пен өкілеттіліктер сала бойынша ОӘС мен ПББ құзырына жатады.

5. Біліктілікті арттыру мақсаттары

5.1. Университеттің заманауи талаптарға сәйкес кәсіби міндеттерін орындауға мүмкіндік беретін қызметкерлерінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыру;

5.2. Университеттің ПОҚ мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының, білім беру ортасының талаптарына сәйкес ғылыми-теориялық, ғылыми-әдістемелік білімі мен кәсіби күзіндіретіндіктерді жетілдіру;

5.3. әр құрылымдық бөлімшенің ерекшелігі мен артықшылықтарын ескере отырып, қызметкерлердің мамандарды даярлау деңгейіне деген әрдайым артатын талаптарына сәйкес теориялық және практикалық білімін жаңарту;

5.4. Университет қызметкерлерінің жаңа кәсіби білімді (кәсіби, пәндік, педагогикалық, жалпы мәдени) алуда қызметкерлердің сұраныстарын қанағаттандыру және білімді дамытудың заманауи алғышарттарына сәйкес кәсіби қызметті ұйымдастыру тәжірибесін алу;

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-033-2019</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Университет басқарушы және профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми жұмыскерлердің біліктілігін арттыру туралы ереже		10-беттің 5-беті

5.5. Университетте білім сапасын арттыру.

6. Біліктілікті арттыру міндеттері

6.1. Озық кәсіби және педагогикалық тәжірибені, инновациялық білім технологияларын жалпылау және тарату, осы негізде мамандар даярлау сапасын жетілдіру;

6.2. Ғылымның, техника мен технологияның заманауи жетістіктері негізінде психология-педагогикалық, ғылыми-кәсіби және жалпы мәдени қызметте білімді жаңарту және тереңдету;

6.3. Ғылым мен техниканың тиісті саласын ұйымдастыруды дамыту перспективаларымен, жаңа технологияларымен таныстыру;

6.4. Оқытудың инновациялық технологияларын, формаларын, әдістері мен құралдарын меңгеру;

6.5. Мамандардың біліктілік деңгейінің талаптарының және кәсіби міндеттерді шешудің заманауи әдістерін меңгеру қажеттілігінің отандық және шетелдік тәжірибесін зерттеу.

7. Біліктілікті арттыру қағидаттары

7.1. Үздіксіздік және міндеттілік. Қызметкерлер біліктілігін арттыру үздіксіз негізде, қажеттілігіне қарай, бірақ үш жылда кемі бір рет жүзеге асырылады.

7.2. Жүйелілік. Университет жүйесі ішінде ПОҚ біліктілігін арттыруды дамыту.

7.3. Өзектілік. ПОҚ біліктілігін арттыру формалары мен мерзімі оқытылатын пәндердің бейінін ескеру арқылы белгіленеді.

7.4. Нәтижелілік. ПОҚ біліктілігін арттыру университетте білім сапасын арттыруды қамтамасыз етеді.

8. Біліктілікті арттыру түрлері

8.1. Университетте біліктілікті арттыру жүйесі қосымша кәсіби білім берудің келесідей түрлерін жүзеге асырады:

- ЖОКОБҰ басшыларының және оның орынбасарларының менеджмент саласында біліктілігін арттыру (3 жылда кемі бір рет);

- негізгі жұмыс орны ЖОКОБҰ болып табылатын оқытушылардың біліктілігін оқытылатын пәндердің бейініне сәйкес (3 жылда кемі бір рет) арттыру, оның ішінде "Өнер" кадрларды даярлау бағыты бойынша – оқытылатын пәндер бейіні бойынша мәдениет және өнер саласындағы оқу, шығармашылық, ғылыми-зерттеу және басқа ұйымдарда біліктілігін арттыру керек;

- ғылыми қызметкерлердің біліктілігін арттыру (5 жылда кемі бір рет);

- қызметкерлерді машықтану.

8.2. Біліктілікті арттыру курстары ережеге сай, ұзақтығы кемі 72 (жетпіс екі) сағат бағдарламалар бойынша жүзеге асырылады.

8.3. Машықтану атқаратын немесе одан жоғары лауазымның міндеттерін орындау үшін кәсіби және ұйымдастырушылық біліктіліктерді иелену, озық тәжірибені зерттеу мақсатында жүзеге асырылады.

8.4. Машықтану Қазақстанда да, сондай-ақ шетелде – кәсіпорындарда, озық ғылыми-зерттеу ұйымдарында, білім беру мекемелерінде, кеңесші компанияларда және орталық және жергілікті атқарушы органдарында өткізілуі мүмкін.

8.5. Машықтанудың ұзақтығы машықтану базасымен жасалған келісімшарт негізінде белгіленеді.

8.6. Біліктілікті арттыру төменде көрсетілген ретте өткізілуі мүмкін:

- еңбек қызметінен қол үзбей (оның ішінде қашықтықтан оқыту формасы бойынша);
- еңбекақыны сақтай отырып еңбек қызметінен қол үзу немесе жартылай қол үзу

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-033-2019</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Университет басқарушы және профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми жұмыскерлердің біліктілігін арттыру туралы ереже		10-беттің 6-беті

- шетелде еңбек қызметінен қол үзу арқылы.

9. Біліктілікті арттыруды жоспарлау

9.1. Университетте білікті басқарушы құрам мен ғылыми қызметкерлердің, сондай-ақ оқытушы-профессорлар құрамының біліктілігін арттыру 5 жыл мерзімге перспективті жоспарланады және оқу жылына біліктілікті арттыру ағымды түрде жоспарланады.

9.2. Қызметкерлердің біліктілігін арттыру перспективті жоспары білікті соңғы арттыру туралы қолдағы акпарат негізінде әзірленеді. Біліктілікті арттыру түрлері, мерзімі мен орны Университеттің өндірістік қажеттілігіне, қаржылық мүмкіндіктеріне сәйкес белгіленеді.

9.3. Қызметкерлердің біліктілікті арттыру жылдық жоспары біліктілікті арттыру перспективті жоспарына сәйкес ағымдағы оқу жылына әзірленеді. ПОҚ біліктілікті арттыру түрлері, мерзімі мен орны оқытылатын пәндердің бейініне, жүктемені дербес үлестіруге, академиялық күнтізбеге, Университеттің қаржылық мүмкіндіктеріне сәйкес белгіленеді.

9.4. Оқу жылы ішінде жұмысқа қабылданған қызметкерлерді арттыруды жоспарлау біліктілікті арттыру перспективті және ағымдағы жоспарына қосымша парағымен әзірленеді.

10. Біліктілікті арттыруды ұйымдастыру тәртібі

10.1. Қызметкерлердің біліктілікті арттыру жылдық жұмыс жоспарына сәйкес Университеттің ОӘС мен ПББ ұйымдастырылады.

10.2. Біліктілікті арттыру курстарына қызметкерлерді машыктануға жіберу біліктілікті арттыруды қамтамасыз ететін ұйымның келісімшарты (бар болса) негізінде жүзеге асырылады.

10.3. Кафедра меңгерушісінің факультет және ОӘС меңгерушісімен келісілген қызмет хаты, машыктанудан өту жоспарланған, ұйыммен келісілген, оқытушы мен кафедра меңгерушісі қол қойған машыктанудан өтудің дербес жоспары, сондай-ақ машыктану базасымен келісімшарт машыктануға жіберу негізі болып табылады.

10.4. Біліктілікті арттыру немесе машыктануға жіберілген кезеңінде Университет қызметкерлерінің жұмыс орны сақталады.

10.5. Біліктілікті арттыру немесе машыктануға басқа қалаға жіберілген Университет қызметкерлеріне Университет қаражаты есебінен іс-сапар шығындары төленеді.

10.6. Қашықтықтан оқыту технологиялары бойынша оқу үдерісін жүзеге асыратын оқытушылар оқу үдерісінде қашықтықтан оқыту технологиясын қолдану саласында біліктілігін арттырудан өтеді.

10.7. Басқарушы құрам, педагогикалық және ғылыми қызметкерлерге қатысты емес Университет қызметкерлерінің категориясы үшін жыл сайын, оқу жылы басталғанға дейін атқаратын қызмет бойынша нұсқама жүргізіледі. Нұсқама, қажеттілігіне қарай, күнтізбе жылы ішінде өткізілуі мүмкін. Нұсқама құрылымдық бөлімшелердің тиісті басшыларын тарту арқылы ОӘС қызметкерлерімен жүргізіледі.

11. Университет базасында біліктілікті арттырудан өту

11.1. ОПҚ біліктіліктерін арттыру мақсатында Университет базасында да біліктілікті арттыру курстары өтеді.

11.2. Біліктілікті арттыру курстары білім беру бағдарламалары мазмұнының, оқу-әдістемелік жұмысты өткізудің өзекті және жалпы мәселелері бойынша заманауи білім беру технологияларымен және оқыту әдістерімен өткізіледі.

11.3. Тыңдаушыларды Университет базасында өткізілетін біліктілікті арттыру курстарына қабылдау құрылымдық бөлімше басшыларының немесе осы салаға жауапты вице-президенттердің ұсынысы бойынша Университет президентінің бұйрығымен жүзеге асырылады.

11.4. Университет базасында өткізілетін біліктілікті арттыру курстарының бағдарламалары Университет президентінің келісімімен, осы салаға жауапты вице-президент

Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-033-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Университет басқарушы және профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлердің біліктілігін арттыру туралы ереже		10-беттің 7-беті

11.5. Біліктілікті арттыру курстары Университеттің тәжірибелі оқытушыларының, ОӘС қызметкерлерінің, сондай-ақ практикалық қызмет өтілі бар шақырылған мамандардың курстарының бағдарламаларына сәйкес өткізіледі.

11.6. Біліктілікті арттыру курстарының тыңдаушылары Университет базасында біліктілікті арттыру курстарының бағдарламасымен белгіленген оқу, әдістемелік, ғылыми-зерттеу жұмысының барлық түрлерін орындауға міндетті.

11.7. Университет базасында біліктілікті арттыру курстарынан толық өткен тыңдаушыларға Университет біліктілігін арттыру туралы сертификат беріледі.

12. Есептілік

12.1. Біліктілікті арттырудан өткеннен кейін қызметкерге біліктілікті арттыру курсын аяқтағанын растайтын құжаттар беріледі, оның ішінде курстың тақырыбы, игерілген сағаттар көлемі, курсты аяқтау мерзімі көрсетілген сертификат беріледі.

12.2. Курсты аяқтаған қызметкер курс нәтижелеі туралы есебін береді, кафедра мәжілісінде талқыланады, кафедра меңгерушісімен бекітіледі, есебі кафедрада сақталады.

12.3. Қызметкер машықтанудан өткеннен кейін машықтану туралы есеп дайындалады.

12.4. Машықтанудан өткені туралы есеп кафедра мәжілісінде тыңдалады және кафедра меңгерушісімен бекітіледі.

12.5. Машықтанудан өткеннен кейін қызметкер ҰҚОО-на келесідей құжаттарды тапсырады:

- машықтанудан өткені туралы есеп (көшірмесі);
- дербес машықтану жоспарының бір данасы (екінші данасы машықтану өткен ұйымда қалады);
- машықтанудан өткені туралы құжат.

12.6. ОӘС машықтанудан өткен қызметкер біліктілігін арттырғандығы туралы құжат көшірмесін ұсынады (сертификат/куәлік/растау қағазы).

12.7. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша педагогтардың біліктілігін арттыру курстарынан өткен оқытушылар, егер тиісті курстарды өткізген білім беру ұйымы посткурстық курстар өткізген жағдайда посткурстық мониторингтен өтеді.

12.8. Жыл сайын ҰҚОО қызметкерлердің біліктілігін арттыру мониторингінен өтеді және Университеттің басқару органының мәжілісінде қаралатын біліктілікті арттыру туралы есеп құрайды.

12.9. Басқарушы құрам, педагогикалық және ғылыми қызметкерлерге қатарына жатпайтын Университет қызметкерлерімен нұсқама өткізілгендігі туралы мәліметтер, нұсқама өткізуді тіркеу журналында рәсімделеді.

13. Университет басшылары мен қызметкерлерінің жауапкершілігі

13.1 Университеттің барлық деңгейдегі басшылары мен қызметкерлері осы ережесі бекітілген күннен бастап міндеттерді, нормативтік-құқықтық актілерді, жоспарларды орындамағаны үшін дербес жауапкершілікке ие.

14. Өзгерістерді енгізу тәртібі

14.1 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс (Қосымша Б).

15. Келісу, сақтау және тарату

15.1. Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Персоналды басқару және құжат айналымын қамтамасыз ету басқармасының басшысына жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары келесі

Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-033-2019
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Университет басқарушы және профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми жұмыскерлердің біліктілігін арттыру туралы ереже		10-беттің 8-беті

институттарының директорларына, факультет декандарына, кафедра менгерушілеріне, құрылымдық бөлім басшыларына.

15.2. Осы университет ережесінің бақылау данасын Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығында сақтау жауапкершілігі орталық басшысына жүктеледі.

КЕЛІСІЛДІ:

I-Вице президент

Ж. Томар

Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент

Ө.Үмбетов

Әлеуметтік қолдау және тәрбие істері жөніндегі вице-президент

А.Абуов

Даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президент

Пусат Пилтен

Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице-президент

Ш.Есимова

Ғылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президент

К.Беркимбаев

Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директор

Т.Ниязов

Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығы басшысы

Ж.Дарибаев

Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы

А.Абсеметов

Құжаттама және персоналды басқару бөлімі

Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-033-2019
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Университет басқарушы және профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми жұмыскерлерінің біліктілігін арттыру туралы ереже		10-беттің 9-беті

Қосымша А

Φ-CMB-004

Танысу парағы

[illegible]

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2024-2025 оқу жылындағы Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің
№5 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ

Түркістан қаласы

19 желтоқсан 2024 жыл

Өткізілген орны: Сенат залы

Өткізілген уақыты: 2024 жыл, 19 желтоқсан, сағат 16:00

Қатысқандар: Оқу-әдістемелік комитет мүшелері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

4. Әртүрлі мәселелер

4.2. Университет басқару және профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің біліктілігін арттыру туралы ережесіне өзгеріс енгізу туралы
(Баяндамашы: Кадр бөлімінің басшысы – Ж.Сыздыкова);

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:


4.2 Университет басқару және профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің біліктілігін арттыру туралы ережесіне өзгерістер енгізілсін
(жауапты: Кадр бөлімінің басшысы – Ж.Сыздыкова).

Оқу-әдістемелік комитет
торайымы

Э.Қ.Идрисова

Оқу-әдістемелік комитет
хатшы

И.Б.Усембаева



И.Б.Усембаева